



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

QAZAQ

UNIVERSITETI

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ №14 (1882) 17 СӘУІР 2023 ЖЫЛ WWW.KAZNU.KZ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚазҰУ қалашығы құрылысы II кезеңінің басталуына байланысты естелік капсула салынды.

ҚазҰУ құрылысы II кезеңінің капсуласы салынды

2022 жылы 1 маусымда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне арнайы келіп, қызметімен танысты. Сапар барысында Президент ҚазҰУ қалашығы құрылысы II кезеңінің Бас жоспарына үлкен қолдау білдіріп, бекіткен болатын.

Аталмыш шараға ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров, ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, бизнес және ғылым өкілдері, еліміздегі жоғары оқу орындарының ректорлары, ірі компания басшылары қатысты.

«ҚазҰУ-дың тарихы тереңде. Оқу ордасы алғаш академиялық қалашық моделімен салынған болатын. 1974-75 жылдардан кейін университетке кең көлемде инвестиция құйылмаған. Сондықтан бүгінгі шараның маңыздылығы өте жоғары. Бүгін қара шаңырақ ҚазҰУ-дың екінші тынысы ашылды», – деді ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек.

Шара барысында Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров сөз сөйлеп,



ҚазҰУ ұжымы мен білім алушы жастарын айтулы күнмен құттықтады.

Өз кезегінде университет ректоры Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ құрылысының II кезеңін жүзеге асыру студенттер үшін жасалып жатқан бастама екенін жеткізді.

«Бүгінде оқу ордасында 24 мыңнан астам студент білім алып жатыр. Оның ішінде 50-ге жуық мемлекеттен келген 3 мыңнан астам шетелдік студент бар. ҚазҰУ QS WUR әлемдік рейтингінде 150-орынға көтерілді. Бүгіннен бастап Мемлекет басшы-

сы Қасым-Жомарт Тоқаев бекіткен жоспар бойынша ҚазҰУ қалашығының II кезеңін іске асыру жұмыстары басталады», – деді ректор.

Жалғасы 2-бетте



Ғылыми бағытта бірлесіп зерттеулер жүргізіледі

2-бет



Николай ЕГОРОВ: Тюрки вышли с территории Казахстана

4-бет



Мохсен ФАХАНИ: Әріптестігіміз күн сайын ұлғайып келеді

5-бет

Түркі әлемі ҰҒА президиумы отырысы өтті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Ғылым апталығы аясында Түркі әлемі Ұлттық ғылым академиялары одағы президиумының VI отырысы өтті.



Іс-шараға ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Түркі академиясы халықаралық ұйымының президенті Шаһин Мұстафаев, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті Күнсұлу Закария, Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясының президенті Қанатбек Әбдірахматов, Татарстан Республикасы Ғылым академиясының ви-

це-президенті Дания Загидуллина, Түркия Ғылым академиясының президенті Музаффер Шекер және Әзірбайжан, Моңғолия, Башқұртстан, Өзбекстан президенттері, Қазақстан Ғылым академияларының президенттері, Қазақстан және шетелдік ғалымдар, түркітанушылар, университеттің оқытушы-профессорлар құрамы қатысты.

Отырысты Түркі акаде-

миясы халықаралық ұйымының президенті Шаһин Мұстафаев құттықтау сөзбен ашып, бүгінгі шараның маңыздылығын атап өтті.

«Бүгінгі басқосу Қазақстандағы көшбасшы оқу орны – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өтіп жатыр.

Жалғасы 2-бетте

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Ғылым апталығы аясында «Ғылым және бизнес: Қазақстанның инновациялық даму жолдары» атты ғылыми-инновациялық көрме өтті.

және өзге де ЖОО мен ғылыми институт ғалымдары өз жобаларын болашақ бизнес-әріптестер назарына ұсынуға мүмкіндік алды.

Өндіріске енгізілетін жобалар таныстырылды

Онда қазақстандық жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарының ғалымдары әзірлеген коммерцияландыруға дайын жобалар ірі компания басшылары мен бизнес өкілдеріне таныстырылды. Көрменің басты мақсаты – ғылым-білім-өндіріс арасында байланыс арттыру, ғылымды бизнес арқылы дамыту.

Ауқымды шараға ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев және өзге де белгілі тұлғалар қатысты. Көрмеде Әл-Фараби



атындағы ҚазҰУ, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ, С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Алматы технологиялық университеті, М.Айтхожин атындағы Молекулярлық биология және биохимия институты, Ядролық физика институты

Көрмеден соң ғылым мен бизнестің табысты әріптестігі мәселелеріне арналған пленарлық отырыс өтті. Сонымен қатар жиын аясында «Қазіргі жағдайдағы ғылым мен бизнес интеграциясы» тақырыбындағы дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ

ҚазҰУ құрылысы ІІ кезеңінің капсуласы салынды



Соңы. Басы 1-бетте

Саясат Нұрбек, Әлішер Әбдіқадыров және Жансейіт Түймебаев келешек ұрпаққа жолдау жазылған хатты капсулаға салып, қалады.

Болашаққа жазылған хатта: «Біз ҚазҰУ-ды жаңғыртудың жаңа дәуірі қарсаңында тұрмыз. Бұл – университет үшін тарихи сәт. Міне, бүгін құрылысы басталғалы тұрған студенттер қалашығын жаңғыртудың ІІ кезеңінде жасалатын жұмыстың бәрі сіздердің игіліктеріңіз үшін. Осы жатақханада тұрып, оқу корпусарында біліммен қаруланып, ертеңгі күні елге қызмет етеді деген үлкен үмітіміз, зор сеніміміз бар. Өйткені ел болашағы сіз-

дердің қолдарыңызда», – делінген.

Жоспар бойынша қалашықта 14 700 орындық оқу ғимараттары, 12 мың шаршы метр әкімшілік корпусстар, 35 000 шаршы метр емхана, 3000 шаршы метр спорттық-сауықтыру орталығы, қызметкерлерге арналған тұрғын үй, инновациялық орталық, ғылыми-зерттеу орталығы, технопарк және студенттер мен магистрларға, докторанттарға үш гектар жерге 12 мың төсек-орынға арналған жатақханалар бой көтереді.

Сондай-ақ қолданыстағы жатақханалар, оқу корпустары мен әкімшілік ғимараттар күрделі жөндеуден өтетін болады.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Түркия Республикасының Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Мұстафа Капуджумен кездесті.

Түрік елшісі университетке алғыс айтты



Жүздесуде оқу орнының басшысы Жансейіт Түймебаев бауырлас елдер арасындағы өзара тығыз ынтымақтастыққа тоқталды. Білғылғы Түркия елінде орын алған жойқын зілзала кезінде ҚазҰУ ұжымы жедел штаб құрып, зардап шеккендерге гуманитарлық көмек жөнелтті. Сонымен қатар бүгінде Түркия жоғары оқу орындары және институттарымен ғылым, жоғары білім және мәдени тығыз байланыс орнады. Атап айтқанда, Ыстамбұл, Йедитепе, Анкара, Мимар Синан сынды 45 жетекші жоғары оқу орнымен әріптестік жоғары қойылған. «Мевлана» халықаралық бағдарламасы аясында Түркия университеттерімен 31 ынтымақтастық туралы келісім бар.

«2022 жылы Ыстамбұл университетінде ҚазҰУ филиалы ашылды. Университетте 1996 жылдан бері ТҮРКСОЙ кафедрасы табысты жұмыс істеп келеді.

Биыл ҚазҰУ-дың медицина, жоғары оқу орнына дейінгі білім беру, география және табиғатты пайдалану, заң факультеттері мен Экономика және бизнес жоғары мектебінде түркиялық 82 студент білім алуда. Сонымен қатар туыстас елде орын алған зілзадан кейін біз түрік студенттеріне және алдағы уақытта оқуға түсушілерге арнайы жеңілдік жасадық», – деді ректор.

Мәртебелі мейман өз кезегінде QS әлемдік үздік университеттер рейтингіндегі ҚазҰУ жетістіктерін ерекше атап өтіп, сәттілік тіледі. Ел басына түскен қиын кезеңдегі қолдау үшін университет ұжымына алғысын жеткізді. ҚазҰУ-дың 115 мың доллар көлемінде көрсеткен елеулі көмегін атап өтіп, әсіресе киіз үйлердің Хатайдағы халыққа көп шарапаты тиіп жатқанын жеткізді.

Әйгерім ӘЛІМБЕК

Түркі әлемі ҰҒА президиумы отырысы өтті

Соңы.
Басы 1-бетте

Президиум отырысында бауырлас мемлекеттердегі ғылымның жағдайын талқылаймыз. Сонымен қатар ғылым саласындағы серіктестікті дамыту жолдарын қарастырып, пікір алмасамыз», – деді Шаһин Мұстафаев.

Келелі басқосуда ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек баяндама жасап, Ғылым академиялары арасындағы ғылыми серіктестікті арттыру, ғылыми қоғамдастықты нығайту мәселесіне тоқталды.

«Еліміздегі ғылым саласы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей бақылауында. ҚР Ұлттық ғылым академиясына Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Қазақстан Республикасының Ұлт-



тық ғылым академиясы» мәртебесі берілді. Түркі мемлекеттерінің арасындағы серіктестік тек қана экономика саласымен шектеліп қоймай, бүгінде ғылым, инновация, технология бойынша бай-

ланыс артып келеді», – деді министр.

Сондай-ақ басқосуда Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясының президенті Қанатбек Әбдірахматов сөз сөйлеп, тілі мен тарихы жақын, мәдениеті мен мүдделері ұқсас түркі әлемі үшін де ортақ ғылыми кеңістік қажет екенін жеткізді.

Кейін Қанатбек Әбдірахматов ТӘҰҒАО-дағы іс басындағы төрағалықты Қырғызстан Ұлттық ғылым академиясынан Татарстан Ғылым академиясына тапсырды.

Жиында Түркі әлемі Ұлттық ғылым академиялары одағының басшылары өз ұйымдарының атқарып жатқан жұмыстары мен алдағы жоспарлары туралы баяндама жасады.

Отырыс ары қарай панельдік секцияларға жалғасты.



Ғылыми бағытта бірлесіп зерттеулер жүргізіледі

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Әзірбайжан, Қырғызстан, Башқұртстан, Татарстан, Моңғолия, Түркия Ғылым академиялары президенттерімен және Хазар университетімен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Меморандум мақсаты – серіктестікті дамыту, ғылыми бағытта бірлесіп зерттеулер жүргізу және ғылыми кадрлардың біліктілігін арттыру.

Қол қою рәсіміне Әзірбайжан Республикасы Ғылым академия-



сының президенті Иса Габіббейли, Қырғызстан Республикасы Ғылым академиясының президенті Қанатбек Әбдірахматов, Түркия Ғылым академиясының президенті Музаффер Шекер, Башқұртстан Ғылым академиясының президенті Камил Рамазанов, Татарстан Республикасы Ғылым академиясының вице-

президенті Дания Загидуллина, Моңғолия Ғылым академиясының президенті Регдел Дугер және Хазар университетінің негізін қалаушы және ректоры Гамлет Исаханлы қатысты.

Меморандум аясында тараптар кітапхана қорларын пайдалануға және ғылыми бағытта жазылған жарияланымдар мен материалдарды алмасуға, бірлескен семинарлар мен конференциялар ұйымдастыруға, ғылыми және академиялық еңбектерді бірлесіп басып шығаратын болады.

Салтанатты шарадан соң ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев бүгінгі меморандум үлкен нәтижелерге қол жеткізуге сеп болатынын жеткізді.



Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

АҚШ-пен академиялық ұтқырлық байланыс артты

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға Пенсильвания университеті заң факультетінің деканы Стивен Барнс пен бұрынғы АҚШ елшісі, профессор Денис Джетт Ғылым апталығы аясында арнайы сапармен келді.



Оқу орнының Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ-дың халықаралық қызметі, жетістіктері және АҚШ-тың серіктес жоғары оқу орындарымен ынтымақтастығы туралы айтып берді.

ҚазҰУ мен АҚШ-тың Мичиган технологиялық университеті, Солтүстік-батыс политехникалық университеті, Айова мемлекеттік университеті, Вайоминг, Скрантон, Техас университеттері сынды ғылым және жоғары білім саласындағы ЖОО-лары мен ұымдары арасында ынтымақтастық туралы 13 келісімге қол қойылды.

Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша соңғы бес жылда 44 докторант пен бір бакалавриат студенті америкалық жоғары оқу орындарында ғылыми және тілдік тағылымдамадан өтті. ҚазҰУ-дың 33 оқытушысы ғылыми жобаларды жүзеге асыру және халықаралық симпозиумдарға қатысу мақсатында АҚШ-қа барды. Алдымен 2022/23 оқу жылында 11 докторант АҚШ жоғары оқу орындарында тағылымдамадан өтті. 2023 жылдың

басында шығыстану факультетінің докторанты ғылыми тағылымдамадан өтуге үміткер ғалым ретінде Гарвард университетіне шақырылды, ал химия және химиялық технология факультетінің студенті Вашингтон Орталық университетінде Global UGRAD шеңберінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқудан сәтті өтті.

Жыл сайын ҚазҰУ-да АҚШ-тың әртүрлі университетінің студенттері (2014 жылдан бері) халықаралық білім беру жөніндегі Америкалық кеңес келісімі аясында білім алады. Биыл ҚазҰУ-да 51 студент білім алуда. Олардың ішінде Карлтон колледжі

университетімен ынтымақтастық туралы меморандум аясында 14 студент бар.

Өз кезегінде АҚШ делегациясы ҚазҰУ басшылығының ерекше қонақжайлығына алғыс білдірді. Оқу орнының басшысы Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ-да Пенсильвания университетінің филиалын ашуды ұсынды.

Кездесуден соң Пенсильвания университеті Халықаралық қатынастар мектебінің профессоры Деннис Джетт «Бейбітшілікті сақтау және қақтығыс эволюциясы» тақырыбында көшбасшылық дәріс оқыды.

Света ӘБИЛҒАЗЫҚЫЗЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Ресей Федерациясынан келген Оңтүстік Федералды университетінің жобалық қызмет жөніндегі проректоры Максим Бондарев және Халықаралық қызмет басқармасының басшысы Рубен Цицуашвилиді қабылдады.

Ректор Ресей делегациясын қабылдады



Ректор Жансейіт Түймебаев серіктестікті арттыру және оқытушылар мен студент алмасып, тағылымдамадан өткізу бойынша өз ұсынысын жеткізді.

Бүгінде ҚазҰУ Ресей Федерациясының 140 жоғары оқу орнымен ынтымақтастық туралы 195 келісімге қол қойған. Сонымен қатар университет ресейлік жоғары оқу орындарымен бірлесіп ТЕМПУС/Эразмус+ жобаларына қатысады. 2022 жылы ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек пен РФ Ғылым және жоғары білім министрінің

орынбасары Наталья Бочарованың қатысуымен ҚазҰУ базасында МИФИ ҰЯЗУ филиалы ашылған болатын. Қазіргі таңда ҚазҰУ-да Ресейден келген 53 студент білім алуда.

Максим Бондарев: «Қос университет бірлесіп механика-математика, физика және химия саласында зерттеулер жүргізіп, ғылыми жобаларды жүзеге асырсақ деген ұсынысымды жеткізгім келеді», – деген өз ұсынысын ортаға салды.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Отандық ғылымды дамыту мәселелері талқыланды



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев отандық ғылымды дамыту мәселелері талқыландыған жиынға қатысты.



Ғылым ордасында өткен іс-шараға ҚР Президенті Әкімшілігі басшысының орынбасары Аида Балаева, ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, ҚР ҰҒА президенті Күнсұлу Закария, ҚР Ұлттық ғылым академиясының мүшелері, жоғары оқу орындары және ғылыми ұымдардың басшылары қатысты.

Кездесу барысында Мемлекет басшысының Президент жанындағы Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің бірінші отырысында берілген соңғы тапсырмалары аясында қазақстандық ғылымды одан әрі дамыту мәселелері талқыланды.

Кездесуде Аида Балаева: «Көптеген бағыттар бойынша министрлік тиісті жұмысты бастады.

Ал белгіленген жоспарларды сәтті жүзеге асыру үшін біздің бүкіл ғылыми қоғамдастықтың белсенді қатысуы қажет», – деп атап өтті. Сондай-ақ жиында соңғы үш жылда ғылымды қаржыландыру үш есеге артып, жекеменшік бірлескен қаржыландыру түрінде 6,9 миллиард теңгеден астам қаражат тартылғаны айтылды. Ал коммерцияландыру жобалары нәтижесінде инновациялық өнімді өткізуден түскен кіріс 22,6 млрд теңгені құрады.

Жиын барысында қатысушылар отандық ғылымды дамыту бойынша өз ұсыныстарын ортаға салып, өзара пікір алмасты.

Еңлік АҚЖІГІТ

Қансейіт Әбдезұлы - «Алаш» сыйлығының иегері



Филология ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Жоғары мектебі Ғылым академиясының академигі Қансейіт Әбдезұлы Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері атанды.

Қансейіт Әбдезұлына бұл сыйлық «Семсер» әдеби-сын жинағы мен баспасөздегі сын мақалалары үшін берілді.

Көрнекті ғалым қазақ әдебиетінің тарихына арналған бірнеше оқулық пен оқу құралдарының авторы. Ол Ресей Ғылым академиясының әдебиеттану ғылымы саласындағы М.Шолохов атындағы Алтын медалінің иегері, «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің «Құрметті қызметкері».

Қансейіт Әбдезұлын Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығы иегері атануымен шын жүректен құттықтап, шығармашылық табыс тілейміз!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Ғылым апталығы аясында студенттік бизнес-инкубаторлардың инновациялық жобалар көрмесі өтті. Онда факультет білім алушыларының табысты ғылыми өзірлемелері мен студенттік стартаптар таныстырылды.

Жас ғалымдарға сертификаттар табысталды



Студенттік бизнес-инкубаторлардың инновациялық жобаларын Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, «Tanmedia Group» директорлар кеңесінің төрағасы, ҚазҰУ Директорлар кеңесінің мүшесі Арманжан Байтасов, Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығының президенті Арман Қашқынбеков, оқу ордасының оқытушы-профессорлар құрамы мен білім алушы жастары ташалады.

Көрмеде ҚазҰУ-дың филология факультетінің өнертапқыштары «Қазақ тіліндегі ең ауқымды тұң-

ғыш онлайн омонимдер сөздігі» атты жобасын ұсынды. Ал физика-техникалық факультетінің 1-курс студенті Мұрат Елеусінов өзінің көлік жүргізушілеріне арналған ғылыми жобасын таныстырды. Сондай-ақ жас ғалымдар «Пилотсыз жерүсті көлік құралы» жобасын ұсынды. Көрмеде барлығы 20-ға жуық ғылыми өзірлемелер мен инновациялық жобалар қойылды.

Студенттік бизнес-инкубаторлардың үздік инновациялық жобалары байқауының жеңімпаздарына сертификаттар табысталды.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ



КазНУ имени Аль-Фараби посетил и прочел лидерскую лекцию на тему «Актуальные проблемы тюркологии и алтаистики в свете развития исследовательского университета» известный тюрколог, доктор филологических наук, профессор, член президиума Международной ассоциации тюркологов Николай Егоров. На лидерской лекции присутствовали ведущие ученые вуза, руководители научно-исследовательских институтов и факультетов, магистранты и докторанты. Ученого с мировым именем аудиторию представил ректор КазНУ профессор Жансеит Туймебаев. В своем приветственном слове он отметил высокие заслуги и вклад в мировую науку известного тюрколога, исследователя чувашского языка и истории, д-ра фил. наук, профессора, члена корреспондента Турецкого лингвистического общества Николая Ивановича Егорова. «Мы знакомы больше 40 лет. Были когда-то молодыми учеными Комитета советских тюркологов. Когда мы открыли Институт тюркологии и алтаистики, к нам приехал Николай Иванович. И теперь он – главный научный сотрудник нашего института, который приобрел международный масштаб», – отметил руководитель вуза. От имени всего коллектива, ученых вуза ректор поблагодарил зарубежного гостя за сотрудничество с НИИ тюркологии и алтаистики. Решением Ученого совета вуза Н.И.Егорову было присвоено звание Почетного профессора КазНУ имени Аль-Фараби. Ректор КазНУ также вручил ему правительственную награду от Ассамблеи народов Казахстана, подписанную Президентом Казахстана К.К.Токаевым.

Николай ЕГОРОВ,
член президиума Международной ассоциации тюркологов:



Тюрки вышли с территории Казахстана

Поблагодарив руководство университета за теплый прием, Николай Иванович начал свою лекцию с приветствием на казахском языке «Қайырлы күн, құрметті достар, саламатсыздар ма!»

– Поскольку меня назначили научным сотрудником НИИ «Тюркологии и алтаистики» позвольте мне познакомить вас своими размышлениями о будущем, теперь уже с вашего позволения, нашего общего Казахского научно-исследовательского института «Тюркологии и алтаистики». По моим представлениям в центре внимания НИИ «Тюркологии и алтаистики» прежде всего должна стоять сфера диохронического изучения народов, культур и языков тюркского мира, их тесная взаимосвязь с другими исторически контактировавшими народами Средней Азии. Это основное направление исследования Института тюркологии и алтаистики. Тюркология на современном уровне приобретает широкие масштабы и содержание и воспринимается, как совокупность не только лингвистических, но социально-гуманитарных дисциплин. Это, прежде всего, историческое направление, то есть историческая наука. Историческая наука – это история региона или история народа. А история региона – это географическая наука. На этой территории, допустим Казахстана, в разные времена проживали разные народы, главными которых являются восточные иранские племена скифского-сакского круга, а потом их сменили тюркоязычные племена – огузское и кипчакское общество. Система производства и распространения тюркологических знаний, вот основная задача, стоящая перед НИИ «Тюркологии и алтаистики». Это как комплексная научная дисциплина радиохроническая этнолингвокультурология. По сути, это не только языкознание, это их язык и культура в неразрывном единстве.

Что является первичным – народ, культура или язык? Я как языковед, конечно, в первую очередь проголосовал бы за

язык, но на самом деле, если приглядеться, язык это только словесный или вербальный знак реально культурных вещей. То есть, первичнее все таки оказывается история культуры. Этнос – это группа людей, объединенная единой культурой. А язык символ культурных ценности, как один из форм проявления национальной культуры. Значит НИИ «Тюркологии и алтаистики» должен заниматься историей культуры тюркоязычных народов. На первом месте, конечно, на этом поприще стоит диохроническая лингвистическая компортивистика. Потому что, у нас есть письменные источники по тюркским народам. Собственные тюркские источники датируются довольно позднее, они датируются VIII веком, это Орхоно-Енисейские письменности. Есть и более древние письменные памятники. История тюркских народов начинается гораздо раньше. Более раннюю историю тюркских народов, дописменную историю мы можем познать только через посредства, сравнительно исторического, изучения языка. Язык отражает культуру народа.

Основные направления изучения НИИ «Тюркологии и алтаистики» в первую очередь культурогенез, потом лингвогенез и в совокупности этногенез, этническая история тюркоязычных народов на протяжении доступных обозрению современного уровня развития науки и до позднего средневековья, в реальности до нашего времени. В приоритете, конечно, будет культурогенез. Для изучения до культурных эпох важное значение имеют археологические источники. Основная проблема отсутствие методологии исследования истории тюркоязычных народов дописменной эпохи. Но это дело наживное, оно со временем придет.

Когда мы говорим о тюрках, то возникает такой очень щепетильный вопрос – «Кто такие тюрки?» Есть первые упоминания тюрков в китайских источниках, в V веке д.н.э. зафиксировали на территории юго-запада Гобийской пустыни народность «тур-

цие», которых считают предками тюрков. Но на каком языке они говорили не знаем. Восточно-иранский этноним «тюрк» впервые фиксирован Геродотом еще в V веке д.н.э. Они проживали именно здесь, на территории современного Казахстана. В то времена это были племена скифско-сакского круга. На памятниках первого Тюркского каганата, которые сохранились до наших дней, написано на согдийском языке, а во втором Тюркском каганате господствует огузский-тюркский язык. Вот с этого времени можно говорить, что уже действительно были тюркоязычные племена. И они были во власти. Где-то в IX-X веках Тюркский каганат распадается, население разбегается в разные стороны и на этом история древних тюрков заканчивается и начинается история монголов.

Кого мы считаем протюрками и прототюрками? Родина огузов находилась на территории Манчжурии, в современной внутренней Монголии и в северных районах Китая. Здесь обитали тюркоязычные племена. Почему прототюркское общество распалось? Вот тут, опять-таки виновником выступает население современной территории Казахстана. Мы по археологическим показателям знаем, что в VII-VIII веках д.н.э. в Сары-Арке при очередной засухе население расходится в поисках подходящей экологической ниши. Часть из них пошла на север в Хакаско-Минусинскую котловину, часть через Джунгарские ворота и через Гансюский коридор уходит на юг, обходит пустыню Гоби с юга и доходит до места обитания прототюркских племен. Там начинаются контакты с восточно-иранских племен с местными тюркоязычными племенами. Тюркоязычные племена уже к этому времени освоили скотоводство от первого поколения мигрантов с территории Казахстана андроновской культуры, которые занесли в Китай колесницы и другие новизны. То поколение еще не знала верховой езды. А этот поток приехал туда на конях. И тут местные тюркоязычные

племена занимаются кочевым скотоводством и начинают кочевать примерно с района Пекина до Восточной Монголии и Забайкалье. Когда охотничье и скотоводческое племена переходят на продуктивную экономику, то они начинают быстро размножаться.

Поэтому, основной целью нашего института является изучение межэтнических, безязыковых контактов. Эти контакты начинаются довольно поздно. Монголы появляются на территории внутренней Азии очень поздно, в XI веке, до этого там никаких монголов не было. IX-X веках когда наступает засуха огузоязычные племена в поисках экологической ниши по Амуру на восток. Там они встречают протомонголов. Обучают их к скотоводству. Потом в начале XI века, когда климатическое условие изменилось, они возвращаются на свои территории. Вслед за ними последовали и монголоязычные племена скотоводы. Здесь в XII-XIII веках начинается борьба за пастбищное угодье между монголами и татарами, то есть с огузоязычными племенами. Дальше уже наступает время Чингисхана, возвышение монголов, ассимиляция огузов... Это уже более близкая история, она вам знакома.

В современных монгольских языках венгерские исследователи выявили 1500 огузско-тюркских взаимозаимствований. А это много или мало? Для сравнения, у чуваш с соседским марийском языком венгерские ученые насчитали около 500 финно-угорских корневых слов. А у монголов, по сравнению с нами, три языка получаются. Это не считая поздних взаимозаимствований стандартных тюркских языков. Естественно, на первый взгляд казалось тюркский и монгольский языки имеют много общего и в структуре языка и в материалах. Поэтому лингвисты сформировали алтайскую теорию и опубликовали первичные грамматики алтайских языков. После публикации со стороны ученых начались критика алтайской теории.

Николай Иванович как исследователь чувашского языка и истории, отвечая на вопросы аудитории, касательно родного языка сказал следующее: «По итогам последней переписи мы потеряли за последние 20 лет почти половину населения – было больше двух млн человек, осталось 1,65 млн. А татары за последние 10 лет уменьшились на 500 тысяч человек. Это очень пугающие цифры. Пока еще деревни еще живут, но там остаются одни старики, многие деревни умирают. В деревнях молодежи нет, рождаемость падает. Учить чувашскому языку городскую молодежь не получается. В годы перестройки мы начали преподавать чувашский язык во всех городских школах, а потом президент Путин приехал в Йошкар-Олу и сказал что, языки должны изучать по желанию родителей или учащихся. После этого все прекратилось. А в Татарстане вообще прокуратура начала шерстить школы, и обязательное преподавание родных языков постепенно ушло. Татары еще ведут борьбу, а у нас можно сказать и интеллигенция не осталась. Есть доктора, есть университеты, но массового потока нет. Кстати, когда я работал в Чувашском государственном университете на дневное отделение мы набирали 100-130 человек, заочники до 100 доходило. А сейчас на чувашском учатся всего 35 студентов. Выпускаются меньше 10 студентов в год. Вот такая ситуация».

Для почетного гостя, ученого с мировым именем была проведена экскурсия по музею КазНУ имени Аль-Фараби. Также состоялась беседа с руководством вуза, на которой обсуждались перспективы развития научных связей и исследований в области тюркологии. Программа пребывания Н.И.Егорова в КазНУ в течение ближайших двух недель включает в себя уникальные лекции и семинары, индивидуальные консультации по теме проводимых исследований, встречи с казахстанскими учеными.

– Қазақстан мен Иран Ислам Республикасы арасында саяси қатынастар орнағаннан бері Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Иранның бірнеше университеті арасында ғылыми және әріптестік байланыстар орнады. Осы уақыт аралығында ҚазҰУ мен Иран университеттері басшылығы екі-жақты бірнеше сапар ұйымдастырды. Әріптестік оқытушы мен студент алмасу бойынша да жалғасып жатыр. Қазақстандық студенттер Иранда, ирандық студенттер ҚазҰУ-да білім алды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – Қазақстанның көне университеттерінің бірі. Орталық Азия аймағындағы аса іргелі оқу ордасы ретінде Иран Ислам Республикасымен байланыста маңызды орынға ие. Университеттің жоғары ғылыми деңгейге жетуі және QS рейтингінде 150-орынға көтерілуі білім ошағының мәнін арттырды. Мен Алматыға келгені бері ҚазҰУ-дың басшылығымен, аса құрметті Жансейіт Түймебаев мырзамен бірнеше рет жүздестім. Бұл кездесулерде екі ел арасындағы ғылыми және университеттік байланыстарды кеңейту, әсіресе ҚазҰУ-да парсы тілін оқыту жолын күшейту, оқытушы мен студент алмасу, Иранда оқуға қызығушылығы бар қазақстандық студенттерге грант беру, екі тараптың әріптестігімен әртүрлі ғылыми және мәдени шараларды өткізу туралы әңгіме

Мохсен ФАФАНИ, Алматыдағы Иран Ислам Республикасының бас консулы:

Әріптестігіміз күн сайын ұлғайып келеді

қозғалды. Қазір ҚазҰУ ұйымдастырған көптеген іс-шараларға қатысып жүрміз, екі тарап арасында байланыс пен өзара түсіністік қалыптасты. Иран Ислам Республикасының Бас консулдығы Наурыз мерекесінде бірінші рет Наурыз бутигі мен «Жеті син» дастарханын ұйымдастырды.

ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2022 жылдың маусым айында Иранға сапары барысында екі ел арасындағы Фарабитану жұмыс тобының құрылуы туралы ұсыныс жасалды және бұл мәселе Қазақстан Президенті тарапынан қолдауға ие болды. Содан кейін бастапқы жұмыс тобы құрылып, екі тарап өз өкілдерін ұсынды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың

Қазақстандағы ислам әлемінің ұлы ғалымы әл-Фарабиды екі елге ортақ ғалым ретінде зерттеу орталығы болуы әріптестік ауқымын ұлғайтты.

Иран Ислам Республикасы Бас консулдығының ҚазҰУ-мен әріптестігінің маңызды бағытының бірі – ирантану саласы және парсы тілін оқыту. Қазақ халқы парсы тілі және әдебиетімен бұрыннан таныс. 1930 жылдардың аяғына дейін қазақ ақын-жазушылары арасында парсы тілін жақсы меңгергендер аз болмаған. Қазақтың ұлы ақыны, дана Абай өзінің алғашқы шығармаларында парсының ұлы ақындарының рухынан қолдау іздейді. Ол алғашында парсының классик



зерттеулерге қолайлы жағдай туғызды. Соңғы жылдары парсы тілін оқытатын мамандықтарда студенттер саны азайып кетті, алайда Бас консулдың ҚазҰУ-мен, әсіресе шығыстану факультетінің деканы Наталья Ем ханыммен тығыз әріптестік байланысы арқасында алдағы жылдары парсы тілін оқытын студенттер саны мен ирантану мамандығына баулу көрсеткіші ұлғаяды деп үміттенемін.

Бас консулдың қолдауымен таяу арада консулдың мәдени бөлімі жұмысқа кіріседі. Сондай-ақ Иран мемлекеті парсы тілін оқуға қызығушылығы бар студенттерге бакалавриат, магистратура, докторантура деңгейінде Иранда оқуға грант бөлетінін мәлімдеді және студенттерді парсы тілі мен техникалық, басқа да кәсіби салалық арнайы бағдарламаларға магистратура мен докторантураға қабылдауға әзір. Әрине, парсы тілі мен ирантануда студенттерді көбейту Иран мен Қазақстанның Ғылым және жоғары білім министрліктерінің өзара әріптестігіне байланысты шешіледі. Меніңше, осы мәселе бойынша өзара түсіністік қалыптасуы үстінде.

Жазып алған Айман БОРАНБАЕВА, шығыстану факультеті ирантану бөлімінің меңгерушісі

Азаматтық құқық теориясын дамытуға үлес қосқан тұлға

ҚазҰУ-да заң ғылымының докторы, профессор Юрий Басиннің туғанына 100 жыл толуына орай, халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Бір атап өтерлігі, конференция Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың бастама-сымен ұйымдастырылды.



одақтық меншік туралы заңдардың (1990) жобаларын және КСР және Республикалар Одағының азаматтық заңнамасының негіздерін (1991) әзірлеуге қатысты. Қолданыстағы Конституцияны әзірлеу кезеңінде ҚР жаңа Конституциясы жобасы бойынша Президент жанындағы сараптамалық-консультативтік кеңестің мүшесі болды.

Тұлға мен адамзат қоғамының еркін даму идеялары профессор Ю.Басин үшін тұлға ретінде де, ғалым ретінде де маңызды болғаны соншалық – ол өзінің өмірлік және кәсіби мүддесі үшін азаматтық құқық ғылымын таңдады. Кеңестік кезеңде жекеменшік пен кәсіпкерліктің болмауы, бостандық пен жеке құқықтың шектелуі жағдайында азаматтық құқық мәртебесі төмен еді. Көптеген дәстүрлі құқықтық институттар заңмен реттелмеді, ал олар қандай да бір дәрежеде заң нормаларында көрсетілсе, іс жүзінде жүзеге аспады. Сондықтан ондаған жылдар бойы азаматтық құқықты оқыту және насихаттау, жеке құқықтың негізгі принциптерін өзгертістен өркеніет ғылымымен айналысу кеңестік заңгерлерден үлкен азаматтық батылдықты талап етті. Юрий Григорьевич өркеніетке және өзіне адал болып қана қоймай, азаматтық құқық теориясын үнемі дамытқан ғалым.

Конференцияда сөз алған заң факультетінің деканы, з.ғ.д., профессор Д.Байделдинов: «Юрий Григорьевич студенттермен қарым-қатынаста өзін әрқашан тең әріптес ретінде ұстады. Алайда терең ақыл, орасан зор ғылыми әлеует, өмірлік тәжірибесі қарым-қатынаста бұл адамды бірден биіктерге көтерді», – деді.

Ал з.ғ.д., профессор Фархад Карагусов: «Юрий Григорьевич әрдайым ең үлкен аудиторияларда дәріс оқыды. Студенттердің өз дәрісіне қатысуын ешқашан тексермеді, өйткені оқу залдары әрқашан тыңдаушыларға толы болды. Профессордың дәрісіне тек тиісті курстың студенттері ғана емес, сонымен қатар басқа мектептер мен курстардың студенттері, сондай-ақ оқытушылар да келді», – деп еске алды.

Ал з.ғ.д., профессор С.Тыныбеков: «Жасаған игі істері уақыт өткен сайын жарқырай түсетін адамдар болады. Олар әрдайым бізбен бірге сияқты. Біз кезінде «Жеті муза» қоғамының мәслихатына қатыстық және хорда бірге ән шырадық», – деді.

Конференция барысында ғалымның ұлы Владимир Басинге ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек атынан, Еуразиялық экономикалық сот атынан құттықтаулар жолданды. Белгілі ғалымды жоғары мемлекеттік органдар мен еліміздің ондаған жоғары оқу орындары құттықтады.

Ю.Басиннің мерейтойына орай, ғалым туралы естеліктер мен мақалалардың электрондық жинағы шығарылды.

Сәулегүл ЕРМҰХАМЕТОВА, заң факультетінің доценті
Джанату ӘЛКЕБАЕВА, заң факультетінің аға оқытушысы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде қазақ журналистикасы тарихы мен ғылыми мектептерінің негізін қалаған ұстаз-ғалымдардың шығармашылық мұрасын зерттеуге арналған Қайыржан Бекхожин, Темірбек Қожакеев, Марат Барманқұлов оқулары өтті. Шараға «Qazaqstan» ұлттық арнасының ардагері Жұмаш Кенебай, AbaiTV арнасының бас продюсері Жаңылхан Асылбекова, «Qazcontent» АҚ басқарма төрағасы Бекзат Жүсіп, «Samruk Kazyna Trust» қоры корпоративтік департаментінің басшысы Мирас Мұқаш қатысты.

Ұстаз-ғалымдардың оқулары өтті

Шара аясында студенттер мен жас ғалымдарға арналған байқаудың нәтижелері жарияланды. Жеңімпаздар дипломдармен марапатталып, үздік жұмыстарға бір реттік арнайы шәкіртақы тағайындалды. Аталмыш байқаудың мақсаты – студенттерді қазақ журналистикасы тарихы мен дамуын зерттеуге баулу. Байқауға ұсынылған жұмыстар ең үздік ғылыми жұмыс, тележоба, радиобағдарлама, публицистика, ең үздік мультимедиялық жоба номинациялары бойынша сарапқа түсті.

Шараға журналистика факультетінің профессорлары Ғалия Ибраева, Сәуле Барлыбаева қатысып, ұстаздары жайлы естеліктерімен бөлісті. Доцент Сағатбек Медеубек: «Ұлттық журналистиканың майталмандарын тәрбиелеген Қайыржан Бекхожин, Темірбек Қожакеев, Марат Барманқұлов оқулары арқылы шәкірттердің кәсіби машығын жетілдіру, құзыреттілігін арттыру шын мәнінде ұлағатты іс. Талай дарындылардың тұсауын кескен, болашағына жол ашқан бұл оқулардың республикалық ауқымда өтіп жатқаны қуантады», – деді.

Әділқазылар мүшесі болған доцент Клара Қабылғазина: «Темірбек Қожакеев,



Марат Барманқұлов, Қайыржан Бекхожин сияқты қазақ журналистикасының корифейлерінен алдымен дәріс алып, кейіннен әріптес болғанымды өмір бойы мақтаншы етуден танған емеспін. Байқаудың ғалымдардың шығармашылығын, еңбектерін танып-білу үшін, журналистиканың ғылыми тұжырымдамасы негіздерін бағамдау үшін шәкірттерге тигізетін пайдасы мол», – деп, байқауға келген жұмыстардың жылдан-жылға сапасы артып келе жатқанын тілге тиек етті.

Ұстаз-ғалымдардың оқулары ғылым мен білімге, өнеге мен тәрбиеге баулуда ықпалды да танымдық шараға айналуға.

Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА, саяси ғылымдар докторы, профессор

Правоохранительная деятельность – востребованная специальность

Цели программы развития НАО «Казахский национальный университет имени Аль-Фараби» на 2021-2025 годы: повышение глобальной конкурентоспособности университета; увеличение вклада университетской науки в социально-экономическое развитие страны.

КазНУ берет на себя ответственность за результативное функционирование системы корпоративного управления и развитие системы менеджмента качества на основе требований Международных стандартов ISO 9001:2015, Стандартов и директив для обеспечения качества в Европейском пространстве высшего образования, Европейских стандартов и Директив Европейской ассоциации гарантии качества в высшем образовании и собственных образовательных стандартов, как гарантии качества нашей деятельности. Так, коллектив юридического факультета является известным лидером в подготовке высококвалифицированных кадров, способных формировать демократическое правовое государство в условиях рыночной экономики.

Кафедра уголовного права, уголовного процесса и криминалистики юридического факультета, с учетом вышеизложенного, открыла несколько специальностей, связанных с динамичным развитием системы образования в соответствии с требованиями времени. Одной из самых востребованных специальностей является «правоохранительная

деятельность». Образовательные программы специальностей магистратуры и бакалавриата «Правоохранительная деятельность» разработаны с ориентиром на рынок труда в соответствии с требованиями ГОСО РК. При разработке данных образовательных программ учитывались уникальности образовательной программы, с акцентом на потребности работодателя в специалистах, обладающих специальными компетенциями в правоохранительной и судебной деятельности. Так, эти образовательные программы направлены на формирование профессиональной личности специалиста в области правоохранительной деятельности, способного: решать теоретические и научно-практические проблемы теории и практики применения уголовного, уголовно-процессуального законодательства, теории доказывания, криминологии и криминалистики в РК; обеспечивать совершенствование процесса преподавания на основе классических и инновационных методов обучения, направленных на изучение национального уголовного, уголовно-процессуального законодательства; интерпретировать перспективы государственной политики РК по предупреждению и противодействию преступности современными инновационными научно-исследовательскими и учебно-методическими разработками; иллюстрировать материалы, научные публикации (статьи, тезисы) по теме исследования.



тировать перспективы государственной политики РК по предупреждению и противодействию преступности современными инновационными научно-исследовательскими и учебно-методическими разработками; иллюстрировать материалы, научные публикации (статьи, тезисы) по теме исследования.

Таким образом, очевидно, что в результате освоения данной специальности для правоохранительных и судебных органов выйдут высококвалифицирован-

ные юристы, конкурентоспособные на рынке труда, компетентные, ответственные, свободно владеющие своей профессией и ориентированные в смежных сферах деятельности, способные эффективно работать по специальности на уровне мировых стандартов, готовые к устойчивому профессиональному росту, уделяющие пристальное внимание социальной и профессиональной мобильности. Выпускники, окончившие университет по специальности «Правоохранительная деятельность», имеют право быть сотрудниками правоохранительных органов, в частности, сотрудниками органов прокуратуры, суда, органов внутренних дел, национальной безопасности, службы экономических расследований и антикоррупционной службы.

С целью контроля качества разработки и реализации обра-

зовательных программ, образовательные программы ежегодно обновляются и проходят процедуру оценки внутри вуза и направляются на внешнюю экспертизу представителям работодателей, общественности и академической среды. Цель экспертизы – повышение качества образовательных программ. Например, в октябре 2021 года учебные программы специальности «Правоохранительная деятельность» по магистратуре, бакалавриату получили положительную оценку независимой внешней экспертной комиссии по аккредитации и рейтингу и прошли специализированную аккредитацию сроком на 5 лет.

Подводя итоги, следует отметить, что эти шаги помогают повысить мотивацию молодежи к знаниям, на основе которых в центре внимания-подготовка специалистов, неравнодушных к будущему страны, достойных нового времени. Мы призываем молодое поколение, делающее обновленные шаги в процессе модернизации в новом веке, учиться в нашем университете, выражая надежду на лучшее будущее страны.

Гулжан МУХАМАДИЕВА,
к.ю.н. доцент кафедры
уголовного права,
уголовного процесса и
криминалистики

Повышения конкурентоспособности экономики

В своем послании Президент Касым-Жомарт Токаев не только указал на основные проблемы в экономике страны, но, самое главное, обозначил пути их решения. Системными проблемами экономики страны, как отмечено, являются сырьевая зависимость, низкая производительность труда, недостаточный уровень инноваций, неравномерное распределение доходов.

Сырьевая направленность экономики Казахстана является наследием советского периода развития. Как известно, в 2014 г. была принята Государственная программа индустриально-инновационного развития на 2015-2019 гг. Ее целью являлась диверсификация экономики, повышение производительности труда и доли экспорта обрабатывающей промышленности, развитие малого и среднего бизнеса. Однако, как отметил Президент, ощутимого прогресса в этих вопросах до сих пор нет. По данным статистической отчетности доля промышленности в ВВП составляет менее 30%.

Президент страны в своем Послании отметил, что для достижения цели необходима модернизация имеющихся производственных мощностей, создание условий для предпринимательства, стимулирование инноваций. Высокая степень износа наблюдается в базовой энергетической отрасли страны. В этой связи монополисты планируют повысить тарифы на электро-

энергию. Комитет по регулированию естественных монополий будет проводить сдержанную тарифную политику, чтобы население не столкнулось с резким ростом цен. Следует разработать действенные стимулы для внедрения инноваций, разрешить перераспределять часть затрат внутри тарифной сметы и сохранять определенную долю дохода.

Президент подчеркнул необходимость совершенствования налоговой политики. С этой целью уже в 2023 году должен быть разработан новый Налоговый кодекс РК, предусматривающий дифференциацию налоговых ставок в разных отраслях экономики, с введением «налога на роскошь» при приобретении дорогостоящих объектов недвижимости, транспортных средств и не затронет средний класс. А также необходимо широкое внедрение цифровизации для искоренения коррупции в данной сфере. Дифференциация налоговых ставок будет препятствовать дальнейшему расслоению общества и способствовать пере-



распределению национального богатства. Внедрение механизмов снижения или освобождения от корпоративного подоходного налога с прибыли, направленной на технологическую модернизацию и научные разработки, будет способствовать повышению эффективности налогового стимулирования.

Особое внимание было уделено развитию и поддержке предпринимательства, привлечению талантливой молодежи в данный сектор экономики. Это позволит создать новые рабочие места, увеличить налоговые поступления, улучшить качество и конкурентоспособность производимых отечественных товаров. Разработанная «Дорожная карта

бизнеса-2020» направлена на стимулирование национального предпринимательства и деловой активности в фазе посткризисного развития. Предпринимательство обеспечивает динамизм экономической системы в целом, способствует быстрой коммерциализации результатов исследований и разработок, а также адаптации к изменению условий во всех сферах деятельности, что оказывает значительное влияние на ускоренные темпы индустриального развития. Из опыта зарубежных стран, малые инновационные фирмы становятся технологическими лидерами не только в отраслях с быстро меняющейся технологией производства, но и в зарождаю-

щихся отраслях. В этой связи в послании Президента отмечается, что при оказании финансовой поддержки государство будет отдавать приоритет конкурентоспособным малым и средним предприятиям. Президент отметил недофинансирование малого и среднего бизнеса в объеме около \$42 млрд, поэтому серьезной проблемой является нехватка кредитных ресурсов. В тоже время в банках накоплена многотриллионная ликвидность, которая фактически не работает на экономику страны. В этой связи Президент поручил Национальному банку РК, Агентству РК по регулированию и развитию финансового рынка, Правительству найти конкретные решения для обеспечения стабильного и доступного кредитования реального сектора экономики страны.

Таким образом, новая экономическая политика должна быть направлена на макроэкономическую стабильность, инновации, цифровизацию для достижения конечной цели – качественный и инклюзивный экономический рост, справедливое распределение национального дохода страны.

Бахыт БАЙТАНАЕВА,
доцент, к.э.н.,
кафедра «Экономика» ВШЭБ



Ғылым саласында ұзақ жылдан бері қызмет етіп келе жатқан ұстаз, философия ғылымының докторы, университетіміздегі Философия кафедрасының профессоры, Әл-Фараби халықаралық орталығының ғылыми кеңесшісі, көрнекті фарабитанушы Жақыпбек Алтаевтың есімі көпшілік қауымға етене таныс.



Қазақ философиясын дамытудағы еңбегі елеулі

Ұстазымыз алғашқы жоғары білімді сол кезеңдегі ең үздік жоғары оқу орындарының бірі – В.И.Ленин атындағы Ташкент мемлекеттік университетінен алады. 1972 жылы аталған университеттің философия-экономика факультетінің философия бөлімін тамамдаған. 1982 жылы «Философиялық дәптерлер» идеясындағы диалектикалық идеялар» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғап, 1997 жылы «Қазақ философиясының қалыптасу тарихы» тақырыбында докторлық диссертация қорғаған. Өмірінің 50 жылға жуық уақытын ғылыми-педагогикалық қызметке арнаған профессор Жақыпбек Алтайұлы Қазақ ұлттық университеті Философия кафедрасында 1985 жылдан доцент, 1998 жылдан профессор лауазымын атқарып, көптеген шәкірттер тәрбиеледі.

Жақыпбек Алтайұлы 2003-2013 жылдар аралығында ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультеті Философия кафедрасының меңгерушісі болды. Оның жетекшілігімен Философия кафедрасы философия мамандығынан мемлекеттік стандартты және философиялық пәндерден типтік бағдарламалар жасаудың, сондай-ақ философиялық білім берудің еліміздегі іргелі ғылыми-әдістемелік орталығына айналды. ТМД және алыс шетелдегі ғылыми орталықтар және университеттермен ғылыми-зерттеу саласындағы ынтымақтастықты жолға қоюда да көптеген іргелі шаралар атқарды. Жақыпбек Алтайұлы 2008 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Ғылымды дамытуға қосқан үлесі үшін» медалімен, 2018 жылы ҚазҰУ-дың «Әл-Фараби» алтын медалімен марапатталды. 2008-2020 жылдары ҚазҰУ-дың Әл-Фараби ғылыми-зерттеу орталығын басқарды. Осы

аралықта Ж.Алтаев жетекшілік еткен ғалымдар тобы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің іргелі зерттеулерді гранттық қаржыландыруы аясында «Әл-Фараби және қазақ халқының рухани мәдениеті» (2009-2011 жж.), «Түркілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесі: әлеуметтік-философиялық аспектілері (2012-2014 жж.), «Заманауи әлемдік және қазақстандық мәдениеттің дамуындағы әл-Фараби мұрасы» (2015-2017 жж.) жобаларын табысты жүзеге асырды. Ж.Алтаев 2010 жылы ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде өткен халықаралық дөңгелек үстел мәжілісі жұмысының негізгі ұйымдастырушыларының және басты спикерлерінің бірі болды.

Жақыпбек Алтайұлы бастаған ғалымдар тобының қажырлы еңбегі негізінде 2014-2016 жылдары әл-Фарабидің еңбектерін жарты ғасыр өткен соң қайтадан жарыққа шығару мүмкіндігі іске асты.

Ғалымның жетекшілігімен қазақ философиясы тарихы, мәдениет тарихы мен теориясы, әлеуметтік философияның өзекті мәселелерін зерттейтін ғалымдар мектебі қалыптасып, бүгінде шәкірттері де ғылыми-педагогикалық қызмет етуде. Профессор Ж.Алтаевтың ғылыми жетекшілігімен 30 ғылым кандидаты, 4 ғылым докторы, 7 PhD докторы даярланды.

Профессор Ж.Алтаев 500-ге жуық ғылыми еңбектің, оның ішінде 10 оқулықтың, 17 оқу құралы мен 20-дан астам монографияның, нөлдік емес импакт-факторы бар журналдардағы мақалалардың авторы. Оның еңбектері әлемнің бірнеше тіліне аударылған. Ғалымның «Қазақ философиясы», «Қазақ халқының рухани мұралары», «Әл-Фараби және заманауи Қазақстан философиясы» және т.б. еңбектері ғылыми

қауымдастық пен білімгерлер ортасы және қалың оқырманға кеңінен танымал.

2020 жылы өткен әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойын ұйымдастыру жөніндегі мемлекеттік комиссияның мүшесі ретінде Ж.Алтаев әл-Фараби мұрасы мен мирасын зерттеу, насихаттау жұмыстарына да мол үлес қосты. Профессордың ғылыми кеңесшілігімен отандық және шетелдік кинокомпаниялар түсірген бірнеше деректі және анимациялық фильмдер жарық көрді. Әл-Фарабидің философиялық мұрасын зерделеген еңбектері шетелдерде ағылшын, болгар, хорват, румын, босния тілдерінде жарияланды.

2022 жылы ТМД Атқару комитеті XXXV Мәскеу халықаралық кітап жәрмеңкесі аясында өтетін ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің «Кітап өнері» XIX халықаралық байқауында ұстазымыздың жетекшілігімен шыққан «Әл-Фараби және заманауи Қазақстан философиясы» атты ұжымдық монография «Ғылым және білім» номинациясы бойынша III орынды жеңіп алды. Ғалымның «Дарын» баспасынан «Ортағасырлық түркілік өркениет және әл-Фараби феномені» монографияларымен қоса, «Ислам әлемінің ойшылдары» атты ғылыми сериялық жинақтары жарық көрді.

Шәкірттері профессор Ж.Алтаевтың 75 жылдық мерейтойы аясында «Ұстаз мұрасының ұлағаты» атты библиографиялық көрсеткіш жазып, жарыққа шығарды.

Ұстазымыз Жақыпбек Алтайұлына ұзақ ғұмыр, отбасына амандық тілейміз! Қазақ философиясын дамытудағы еңбегіңіз еленіп, ұлттық ғылымдағы абыройыңыз арта берсін!

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
Қанат АЛТЫНБЕКОВ,
шәкірттері

Білгенін бөлісуге дайын тұратын жан

Көрнекті ғалым, педагог, клетка биологиясы және экология салаларының білікті маманы Тамара Шалахметова 70 жасқа толды.

Өткен өміріне көз жүгірткен Тамара Минажқызы кенет ойланып кетті. «Алғашқыда ҚазМУ-дың химия немесе биология факультеттеріне түсуді жоспарладым, алайда туған ағам, танымал журналист, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Ғаділбек Шалахметовтің кеңесімен биология факультетіне түсуді жөн көрдім. 1970 жылы өз қалауыммен ҚазМУ-дың биология факультетіне құжатымды тапсырып, 1975 жылы саяқтап шықтым. Биология факультетінде оқу әрі қызықты, әрі өз шыжығымен әр студенттің есінде қалары сөзсіз», – дейді ол.

Оқуды тамамдаған жас маман Қарағанды мемлекеттік университетінің Цитология институтына екі жылдық тәжірибеге аттанады. Стажер-зерттеуші дәрежесінен аспирантураға жолдама алып, КСРО ҒА Цитология институтында (Ленинград қ.) білімін шыңдайды. 1981 жылы Цитология институтының диссертациялық кеңесінде «Цитология» мамандығы бойынша биология ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін қорғап шығады. Ғылыми жолының шарықтап келе жатқан сәтінде Қарағанды университетінің Зоология кафедрасына аға оқытушы болып орналасады. Кейіннен ҚазКСР Денсаулық сақтау министрлігі ҚазҰЗИ кардиология бөлімінде зерттеуші болып жұмыс істейді. 1989 жылы доцент атағын алып, содан бері ғылыми белсенділігі Қазақ мемлекеттік университетімен тығыз байланыста болып, 1999 жылы ҚазҰУ қабырғасында докторлық диссертациясын қорғады.

Ақылы мен парасаты оның мінсіздігін, ал әдептілігі мен инабаттылығы табандылық пен жаңаға деген ұмтылысты көрсетуге еш кедергі келтірмейді. Шынтуайтына келгенде, шәкірттері үшін Тамара Минажқызы оқытушы ғана емес, ғылымға адал қызмет етудің, оған деген үмітпен қараудың үлгісі. Зерттеуші ғалымның жоғары эрудициясы мен дарыны оған ең күрделі ғылыми мәселенің де сәтті шешімін ұсынуға мүмкіндік береді. Соның арқасында өмір жолында биік белестерді бағындырды.

Дара тұлғалы ұстазымыз өзінің елу жылдық практикасында өз тәжірибесі, білімімен шәкірттерін сусындатып келеді. Халықаралық жоғары білім академиясының мүшесі Тамара Минажқызы көрнекті ғалым, отандық ғылым мен білімнің дамуына бар күшін салып жүрген тамаша ұйымдастырушы. Педагог ретінде де танымал әрі қоғамға сыйлы қайраткер. Сонау 1975 жылдардан бергі тәжірибесіндегі түрлі халықаралық маман иелерімен бірлесе жазған еңбектері, қазіргі таңдағы өзекті ғылыми мәселелерді қамтыған жазбалары мен мақалалары құнды деректердің қатарында.

Ол біліктілігін арттыру мақсатында үнемі шетел университеттерінде: Пьер және Мари Кюри университеті (Франция), Оснабрюк университеті (Германия), Лондон университеттік колледжі (USL, Лондон), Миссури университеті (Колумбия, АҚШ), Джорджтаун университеті (Вашингтон, АҚШ), Грайфсвальд университеті (Германия),



Вена университеті (Австрия), Цюрих университетінде (Швейцария) ғылыми тәжірибелерден өтіп, ғылыми баяндамалар жасап, конференциялар мен симпозиумдарға қатысқан ғалым.

Профессордың ғылымдағы пікірпайымы аса бағалы. Аса жоғары білімділігі мен білігі, ғылыми адалдығы, адамдарға деген игі қарым-қатынасы, білгенімен бөлісуге дайын тұратыны басқа әріптестерінен ерекшелейді. Ал оның шексіз күш-қуаты мен еңбекқорлығына бәріміз қызығамыз. Ұстазымыздың өзіндік ұстанымдары мен жүйелі жұмысты бағалайтыны оның қаталдығы емес, керісінше, талапшылдығы деп түсінеміз. Осы және өзге адами қасиеттері, таусылмас шығармашылық қайраты, кең дүниетанымы, мақсаттылығы, жемісті ғылыми-педагогикалық жұмысы биология ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА ЖМ корреспондент-мүшесі, ҚР Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі Тамара Шалахметованы өз елінде және одан тыс жерлерде жоғары бағалап, лайықты құрметке бөлейді.

Тамара Минажқызы – отбасында тәрбиелі ұл-қыз өсіріп, немере сүйген абыройлы әже. Ерекше құрметке шын мәнінде лайық ғұмыр кешіп келе жатқан қымбатты мерейтой иесіне зор денсаулық, таусылмас күш-қуат, отбасына амандық, береке-бірлік тілейміз.

Бағила АБДУЛЛАЕВА,
Диана ҚОЖАХМЕТОВА

Тоғызқұмалақ - ақыл-ой ойыны

Терең ойды талап ететін ұлттық ойындардың бірі – тоғызқұмалақ. Тоғызқұмалақ – қазақтың ұлттық дәстүрлі ойындарының бірі, ақыл-ой ойыны. Ойын танымдық, эстетикалық, спорттық, тіпті ғылыми аспектілерге ие. Тоғызқұмалақтың емдік қасиеті де бар, ол жасөспірімдер миын дамытады.



Сондықтан ол жергілікті, ұлттық деңгейден асып, әлемдік маңызға ие. Бұл ойын ақыл-ойды дамытып қана қоймайды, ол тәртіпке үйретеді. Тоғызқұмалақ ойнаған бала өскен соң күнделікті жоспарын оңай құра алады, кез келген жағдайда өзін тұлға ретінде көрсетеді, белгілі бір оқиғаға байланысты өзіндік ұстанымы, көзқарасы болады. Ойын халықтың мінезін танытады.

Тоғызқұмалақ ережелерінен қазаққа тән мінез-құлық ерекшеліктерін көруге болады. Отау саны мен құмалақ санының аталған ойындардан көптігі де ұлтымыздың жомарт, еркін болмысын сипаттайды, қазақ даласына тән кеңдігін көрсетеді.

Ұлттық ойынымыз тоғызқұмалақты бүгінгі тарих бетінен өшірмей, келер өскелең ұрпаққа

жеткізу – біздің басты парызымыз. Өзін қазақпын деп санайтын әрбір азамат тоғызқұмалақ ойынының ережесін біліп қана қоймай, оны жұртшылыққа насихаттауы тиіс. Таяуда ақпараттық технологиялар факультетінің Компьютерлік ғылымдар кафедрасы «Информатика» мамандығының 1-курс магистранттары мен «8D01502 – Информатика» мамандығының 1-курс докторанттары арасында «Халық ойыны – тәрбиенің бастауы» тақырыбында тәрбие сағатын ұйымдастырды. Бұл тәрбие сағатынан әр студент ұлттық ойындардың тұлғаны қалыптастырудағы рөлін түсінді. Тарихымыздың өткені мен бүгінгі және өзекті мәселелері туралы ой қозғап қана қоймай, ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалған мәдениет үлгілері-

нің бірі – тоғызқұмалақ ойынының маңыздылығын ұғынды.

Қазақтың белгілі ағартушылары А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин халық ойындарының жас ұрпаққа білім берудегі тәрбиелік мәнін жоғары бағалап, адамның ойы мен іс-әрекетін танып-түсінуде жастардың эстетикалық, адамгершілік ой талабының өсуіне атқаратын қызметін жоғары бағаласа, М.Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінің қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, денешынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырымдайды.

Тиыштық ХАКИМОВА,
п.ф.к., доцент
Ләззат РАҚЫМЖАНОВА,
п.ф.к., доцент, ақпараттық технологиялар факультеті

Ғылым апталығы аясында ҚазҰУ-дың механика-математика факультетіне Пуатье университетінің (Франция) делегациясы ресми сапармен келді.

Пуатье университетінен арнайы делегация келді



Пуатье университеті – Еуропада алғаш ашылған оқу орындарының бірі. Делегация құрамында Пуатье университеті Математика кафедрасының меңгерушісі, профессор Джулиен Мишель, кафедраның халықаралық қатынастар бөлімінің меңгерушісі, доцент Фарид Еникеева, халықаралық экономика бөлімінің меңгерушісі, доцент Филипп Роджон болды. Келген қонақтар білім ошағы туралы толық ақпарат берді. Математика саласы бойынша ғалымдарының ғылыми жетістіктерімен таныстырып, оқу үрдісі бойынша іс-тәжірибелерімен алмасты.

Кездесу барысында ҚазҰУ механика-математика факультетінің деканы, ф-м.ғ.д., профессор

У.Әбдібеков екі университет арасында математика саласы бойынша байланысты нығайтуды ұсынды. Білім беру, ғылыми зерттеулер мен жобалар, білікті кадр даярлау бағыты бойынша жоспарлар пысықталды.

Әлемнің үздік университеттерінің іс-тәжірибелерімен танысу, пайдалы ақпараттарды алып, оны қолданысқа енгізудің пайдасы зор. Осындай тәжірибе алмасу университетіміздің бәсекелестікке қабілеттілігін арттырып, сапалы маман даярлауға ықпал етеді.

Есептеу ғылымдары және статистика кафедрасының ұжымы

Тыңдаушылар тың жоба ұсынды

Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасында студенттер мен жас ғалымдардың ҚазҰУ-да өткен «Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми конференция барысында «Жаратылыстану секциясы – қоғамдық ғылымның әлеуметтік прогресті дамытудағы рөлі» деген тақырыпта дайындаған жұмыстары тыңдалды.



Конференцияға шетелдік тыңдаушылардан бөлек, еліміздің басқа университеттерінің студенттері де өз жұмысын ұсынды.

Жыл сайын өтетін халықаралық конференцияға қатысушылар өз баяндамаларын иллюстрация мен зерттеу нәтижелерін көрсететін көрнекі презентацияға негіздеп дайындады. Тыңдаушылар түрлі тақырыптық секция бойынша бөлініп, қазіргі қоғамдағы

өзекті мәселелерді қызу талқылады. Зерттеу жұмыстары жаратылыстану бағытындағы физика, химия, биология, география және информатика пәндері бойынша қазақ, орыс, сондай-ақ ағылшын тілдерінде қорғалды. Тыңдаушылар өзекті тақырыптар негізінде стартап жобасына бірнеше тың идея ұсынды. Мысалы, Алматы қаласының экологиялық ластану жағдайына байланысты өндіріс орындарына биосүзгі орнату туралы ұсыныс айтылды. Сонымен қатар қоршаған орта мен табиғатты қорғау мақсатында студенттер жатақханасы маңында үш түрлі қоқыс жәшігін орнату жо-

басы ұсынылды. Жаһандық жылыну түйткіліне қатысты түрлі ұсыныстар ортаға салынды. Оған қоса, болашақ IT маманы, Ираннан келген тыңдаушымыз Чамани Микаел өзіміздің отандық өнім ретінде LTO_browser қосымшасын жасап көрсетті. Жас ғалымдар зерттеу институтында жұмыс істеп, әлеуметтік сауалнама жүргізді. Бұған қоса, статистикалық көрсеткіштерді ұсынды.

Кәмшат ҚАСЫМОВА,
Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының оқытушысы

Химия және химиялық технология факультетінде CASE-IN халықаралық инженерлік чемпионатының студенттік лигасының іріктеу кезеңі өтті. Іс-шараға еліміздің бес жоғары оқу орнынан жеті команда қатысты. Оның ішінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті бар.

Студенттер Мәскеуге жолдама алды

CASE-IN халықаралық инженерлік чемпионаты – бұл мектеп оқушылары, студенттер мен жас мамандарға арналған инженерлік кейстерді шешуге негізделген халықаралық жарыс жүйесі. Чемпионаттың XI маусымының тақырыбы «Технологиялық көшбасшылық» деп аталды. Іріктеу кезеңдері шеңберіне сәйкес, университеттің студенттері мен аспиранттары арасынан командалар нақты кәсіпорынның өзекті мәселелеріне арналған инженерлік істі шешеді.

Қорытынды кезеңнің жеңімпаздары бағалы сый-сияпатқа, сондай-ақ өндірістік тәжірибеден өтуге, салалық компанияларда

жұмысқа орналасуға мүмкіндік алады. Сонымен қатар жеңімпаздар Ресейдің жетекші жоғары оқу орындарының магистратурасы мен аспирантурасына түсуге басым құқыққа ие болады.

Университетімізде алғаш рет өткізіліп отырған «Мұнайхимия» бағыты CASE-IN халықаралық инженерлік чемпионаты өте жоғары деңгейде өтті. Мәскеуде өтетін финалға университетіміздің студенттерінен құралған команда жолдама ұтып алды.

Нұрболат ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,
химия және химиялық технология факультеті деканының орынбасары

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН, Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ, Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

• 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
• Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com
• Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Қайыржан ТӨРЕЖАН

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2500

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.